

# ABOUT HIV

## АИТВ және адамның құқықтары

Көптеген елдерде АИТВ-мен өмір сүретін адамдардың басқа азаматтар сияқты толыққанды құқықтары мен міндеттері бар. Соған қарамастан, АИТВ-мен өмір сүретін адамдар әлі де қысылтаңдық пен бойында таңба сезінеді. Сіздің АИТВ-мен өмір сүретін екендігіңізді білу кейде адамдардың сізге қарым-қатынасын өзгертуі мүмкін.

АИТВ-ға қатысты таңба этностық тиесілік, сексуалдық бағдар, жыныс немесе экономикалық мәртебемен байланысты АИТВ-мен өмір сүретін адамдардың намысына тиетін басқа да көзқарастардың мәнмәтінінде де кездеседі.

### Адамның халықаралық құқықтары

АИТВ-мен өмір сүретін адам сынды сіздің құқықтарыңыз бен міндеттеріңіз елден елге біршама айрықшалаынады. Теория жүзінде, сіздің құқықтарыңыз адам құқықтары туралы бірқатар халықаралық келісімшарттармен қорғалған. Адам құқықтарын қорғау үшін жасалған құжаттар келесілерден тұрады:

- Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт (ICCPR)
- Әйелдерге қатысты әлімжеттіліктің барлық формаларын жою туралы конвенция (CEDAW)
- Біріккен Ұлттар Ұйымының бала құқықтары туралы конвенциясы (UNCRC)
- Нәсілдік әлімжеттіліктің барлық формаларын жою туралы халықаралық конвенция (ICERD)
- Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясының АИТВ/ЖИТС бойынша Арнайы сессиясы – АИТВ/ЖИТС-мен күрес ісі туралы декларация
- БҰҰ Бас ассамблеясының сексуалдық бағдар және гендерлік ұқсастық мәселелері бойынша мәлімдемесі

### АИТВ-мен өмір сүретін адамдар қандай әлімжеттілік түрлеріне кезігеді?

Бірқатар елдерде АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға әсер ететін және

олардың өмірлерін қиындатуы мүмкін ерекше заңдар бар. Мысалы, АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға әлі де саяхаттауға, жұмыс істеуге және сол жерде өмір сүруге рұқсат етпейтін елдер бар.

Кейбір елдерде мүшеқапсыз және өз жұбыңызды АИТВ-мен өмір сүретін екендігіңіз туралы хабардар етпестен жыныстық қатынасқа түсу қылмыстық түрде жазалануы мүмкін. «ВИЧ Джастис Нетворк» желісі (АИТВ Әділеттілік желісі) нақты түрде АИТВ және АИТВ-ның таралуына қатысты қылмыстық құқық мәселелері бойынша жұмыс істейтін адамдар тобы болып табылады. Бұл тақырыпқа қатысты [www.hivjustice.net](http://www.hivjustice.net) сайтында өте көп ақпарат бар.

Адамдардың жеке мінез-құлқы да проблема тудыруы мүмкін. Міндетті сынақ, ауруханаларда емдеуден бас тарту немесе АИТВ себебінен жұмысқа қабылдамау АИТВ-мен өмір сүретін адамдарға құқықтарды шектеуді көрсетудің кейбір түрлері болып табылады.

Кейде, АИТВ құқықтарды шектеудің негізгі себебі болмайды. Сіз гей, жыныстық қызметші, босқын немесе есірткі қолданатын адам болғандықтан шектелуіңіз мүмкін. Кейбір заңдар мен ережелер басқа адамдар үшін де құқықты шектеудің формалары ретінде қабылдануы мүмкін: мысалы, кез келген созылмалы аурудың болуы өмірді сақтандыруды алуды немесе кейбір елдерде жылжымайтын мүлікті сатып алуды күрделендіруі мүмкін.

Егер сіз құқықтарыңыздың шектелгендігін сезінсеңіз, АИТВ-мен өмір сүретін адам ретінде сіз үшін оның салдары ауқымды әсер етуі мүмкін. Мұндай проблемаларға кезіккен кезде, уақытылы қолдау алу өте маңызды.



### Менің құқықтарым қандай?

Заң жүзінде, АИТВ көптеген елдерде құқықты шектеу себебі бола алмайды. Өкінішке орай, АИТВ оң болып табылатын адамдар құқықтың шектелуіне немесе таңба басылуына мүлде кезікпейді дегенді білдірмейді.

Өз құқықтарыңызды білуі – құқықтардың шектелуінен қорғану үшін жақсы бастама болып табылады. Жергілікті қоғамдық ұйымдар сіздің еліңіздегі тиісті заңдарды түсінуге және өз құқықтарыңызды түсініп-білуге, сондай-ақ мүмкін болған

Янссенның жомарт қолдауы арқасында [www.pro-vich.info](http://www.pro-vich.info) және [www.about-hiv.info](http://www.about-hiv.info) желіні қалыптастыру мүмкінге айналды. Біздің демеушіміз желінің мәтіні мен мазмұнына редакциялық бақылау мүмкіншілігін иеленбеді. Осы желідегі барлық ақпараттар денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кеңесін орынын басу үшін емес, керісінше оларға көмектесуге бағытталған. Жеке мәселенің бойынша өзіңіздің емделуші дәрігеріңізге немесе командаңыздың денсаулық сақтау бойынша жауапты мүшесіне ақыл қосу мақсатында жүгініңіз.

NAM aidsmap, Еуропалық ЖИТС –ті емдеу тобы, Еуропалық ЖИТС бойынша жәрдемдесу желісі, Шығыс Еуропа және Орталық Азияда АИТВ – пен өмір сүретін адамдардың одағы және ИТРСги (Емдеуге дайындау бойынша коалициясы) өз – ара ынтымақтастығы. Қосымша ақпараттар алу үшін: [www.about-hiv.info](http://www.about-hiv.info); [www.pro-vich.info](http://www.pro-vich.info); [www.aidsmap.com](http://www.aidsmap.com) Ұлыбританияда ресми тіркелген қайырымдылық қоры: 1011220

# ABOUT HIV

## АИТВ және адамның құқықтары

---

жерлерде құқықтың шектелуімен күресуге жәрдемдесе алады.

Мысалы, егер сізді АИТВ расталған жағдайда жұмысқа қабылдаудан бас тартса немесе жұмыстан босатса, сіздің осындай шешімді дауласуға заңды құқықтарыңыз бар.

### Мен қай жерден қолдау таба аламын?

Жергілікті АИТВ бойынша қызмет көрсететін ұйымға жүгіну жақсы бастама болады. Ел мен мәнмәтінге байланысты, заңгермен кеңесуді де бір нұсқа ретінде қарастыруға болады.

Янссенның жомарт қолдауы арқасында [www.pro-vich.info](http://www.pro-vich.info) және [www.about-hiv.info](http://www.about-hiv.info) желіні қалыптастыру мүмкінге айналды. Біздің демеушіміз желінің мәтіні мен мазмұнына редакциялық бақылау мүмкіншілігін иеленбеді. Осы желідегі барлық ақпараттар денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кеңесін орынын басу үшін емес, керісінше оларға көмектесуге бағытталған. Жеке мәселеңіз бойынша өзіңіздің емделуші дәрігеріңізге немесе командаңыздың денсаулық сақтау бойынша жауапты мүшесіне ақыл қосу мақсатында жүгініңіз.

NAM aidsmap, Еуропалық ЖИТС –ті емдеу тобы, Еуропалық ЖИТС бойынша жәрдемдесу желісі, Шығыс Еуропа және Орталық Азияда АИТВ – пен өмір сүретін адамдардың одағы және ИТРСги (Емдеуге дайындау бойынша коалициясы) өз – ара ынтымақтастығы. Қосымша ақпараттар алу үшін: [www.about-hiv.info](http://www.about-hiv.info); [www.pro-vich.info](http://www.pro-vich.info); [www.aidsmap.com](http://www.aidsmap.com) Ұлыбританияда ресми тіркелген қайырымдылық қоры: 1011220